

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ



30
EURASIAN NATIONAL
UNIVERSITY



БГПУ
им. М. Акмуллы



РУДН

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ
ТӘСІЛДЕМЕ: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ФОРУМ

«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ
КАДРОВ: НАУКА И ПРАКТИКА»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND
PRACTICE»

МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

26 ақпан 2026 жыл



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕМЕ:
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
26 ақпан, 2026 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОГО
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОГО ФОРУМА
«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ:
НАУКА И ПРАКТИКА»
26 февраля, 2026 года**

**PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL FORUM
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND PRACTICE»
february 26, 2026**

Астана, 26 ақпан 2026 ж.

УДК 37.0
ББК 74.00
П23

Жалпы редакциясын басқарған: Сомжүрек Б.Ж.

Редакция алқасы: Асылбекова М.П., Атемова К.Т., Байсарина С.С., Сламбекова Т.С.,
Махадиева А.К.

П23 Педагогикалық кадрларды даярлаудағы заманауи тәсілдеме: ғылым және практика: халықаралық ғылыми-тәжірибелік форум материалдары. 26 ақпан 2026 ж./ – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 1668 бет.

ISBN 978-601-385-193-8

Халықаралық ғылыми-практикалық форум материалдарының жинағында педагог кадрларды даярлаудың заманауи ғылыми-әдіснамалық негіздерін талдау, педагогикалық білім беру саласындағы инновациялық тәсілдер мен тиімді практикаларды айқындау, халықаралық ғылыми тәжірибе алмасуды дамытуға арналған өзекті ғылыми-тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері енгізілген. Материалдарда педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері, педагогикалық білім берудегі жасанды интеллект және цифрлық технологиялар, педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері туралы мәселелері қарастырылған. Жинақ білім саласындағы мамандарға, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналған.

В сборник материалов международного научно-практического форума включены результаты актуальных научно-практических исследований, направленных на анализ современных научно-методологических основ подготовки педагогических кадров, выявление инновационных подходов и эффективных практик в сфере педагогического образования, а также развитие международного научного обмена опытом. В материалах рассматриваются вопросы глобальных тенденций в педагогическом образовании и науке, использования искусственного интеллекта и цифровых технологий в педагогическом образовании, международного опыта и инновационных методов подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию. Сборник предназначен для специалистов в области образования, ученых, преподавателей и обучающихся.

The proceedings of the International Scientific and Practical Forum include the results of relevant scientific and practical research aimed at analyzing the modern scientific and methodological foundations of teacher training, identifying innovative approaches and effective practices in the field of teacher education, as well as promoting international scientific exchange of experience. The materials address issues related to global trends in pedagogical education and science, the use of artificial intelligence and digital technologies in teacher education, as well as international experience and innovative methods of preparing teaching staff for inclusive education. The collection is intended for education professionals, researchers, teachers, and students.

УДК 37.0
ББК 74.00

ISBN 978-601-385-193-8

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2026

Бұл жинаққа енгізілген материалдарға авторлар жауапты.
Authors are responsible for the content of their materials.

269	Нагайцев Т.О. Психолого-педагогические стратегии подготовки педагогических кадров к предупреждению суицидального поведения несовершеннолетних: междисциплинарная модель школьной превенции	1128
270	Оразбаева Д.С. Ағылшын тілі сабағында инклюзивті білім берудің ерекшеліктері	1133
271	Сыдыкова Г.Д., Токсанбаева Г.Б. Танымдық ойындардың аутизм спектрі бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілін дамытудағы рөлі	1136
272	Тайғарина А.Э. Психикалық дамуында тежелуі бар бастауыш сынып оқушыларын білім беру ортасына бейімдеудегі әлеуметтік педагогтың рөлі	1139
273	Турсунбаева А.У. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды кәсіби даярлаудың инновациялық тәсілдері: халықаралық көзқарас	1142
274	Сейткамалова А.К. Тәрбиеленушілер арасындағы агрессияның алдын-алу тәсілдері	1146
275	Толеуханова А.Д. Инклюзивті мәдениет зерттеулеріндегі әдіснамалық тұғырлар	1149
276	Турекулова Н.А. Бастауыш білім беру арқылы нашар еститін оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыру	1153
277	Болат Б.Қ. Жасөспірімдердің салауатты өмір салтын дене тәрбиесі арқылы қалыптастырудың маңызы	1155
278	Бейсенбаева Ж.Н. Жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық қолдаудың ерекшеліктері	1159
279	Мендигереева Д.А. Студенттердің өмірлік құндылықтары мен денсаулыққа көзқарасының психологиялық аспектілері	1162
280	Шарапатова Р.Ж. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдер типологиясын талдау	1167
281	Жақыпбекова З.Ж. Мектеп жасындағы жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу мәселелері	1171
<p>4-секция: Заманауи педагогтің кәсіби дамуындағы құндылықтық тәсілдеме 4-секция: Ценностный подход к профессиональному развитию современного педагога 4-section: Value-based approach to the professional development of the modern teacher</p>		
282	Абдукаримов Н.А. Педагогические принципы совершенствования уроков физического воспитания для учащихся начальных классов	1176
283	Куттибекова Г.Т. Организация процесса начального образования на основе передовых современных педагогических технологий	1179
284	Абилова Г.О. Заманауи педагогтың кәсіби дамуында педагогикалық вебинарлардың рөлі	1182
285	Ибадуллаева С.Ж., Кожабергенова А.Т. Биология пәні негізінде жоғары сынып оқушыларына экологиялық білімді қалыптастырудың маңыздылығы	1187

286	Есенова Н.Е. Оқыту процесіндегі рефлексияның мұғалімнің кәсіби мәдениетін қалыптастырудағы маңызы	1191
287	Жакыпбекова А.Т., Зулпукарова Д.И., Сманова Н.Т. Ценности профессиональной деятельности будущих молодых учителей	1195
288	Игибаева А.К., Акилтаева Н.К Некоторые аспекты подготовки будущего педагога в условиях вызовов современного социума	1199
289	Асылбекова М.П., Таңатарқызы Г. Болашақ педагог-психологтердің метақұзіреттілігін дамытудың теориялық негіздері	1204
290	Койшыманова А.М., Атемова К.Т. Цифрлық трансформация жағдайында педагог-психологтарды оқушылардың мобильдік тәуелділігін алдын алуға даярлау	1208
291	Шакаримова К.К., Сламбекова Т.С., Хасан А Цифрландыру дәуіріндегі болашақ педагог-психологтың кәсіби имиджі: ғылыми-теориялық аспектілері	1212
292	Toleubekova R.K., Talpakova M.Z. Formation of corporate competencies of teachers based on a value approach to professional development	1219
293	Сламбекова Т.С., Байсарина Ж.С. Болашақ педагогтерді оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруға дайындау	1224
296	Нұрқасымова С.Н., Толекенова Л.А., Нұрланқызы Г. Сараланған тапсырмалар арқылы білім алушылардың физикалық есептерді шешу біліктерін қалыптастыру	1229
297	Айкинбаева Г.Қ., Таукибаева Ш.Ж., Жылқыбаев К.Д., Шериязданов Б.Р. Жеке тұлғаның дамуына ұлттық құндылықтар мен дәстүрдің әсері	1235
298	Ботабаева А. Е., Қажатбек С. Оқушылардың әлеуметтік-құқықтық жауапкершілігін дамытудың маңыздылығы	1240
299	Истомина Н.С. Интеграция ценностей программы «Адал азамат» в профессиональную деятельность педагога	1243
300	Шангереева С.А., Албытова Н.П. Аксиологические основы профессионального развития будущих педагогов в высшем образовании	1247
301	Торebaева Г.Р., Бельгибаева Г.К., Yucel Gelislli Педагогикалық колледждің білім беру жүйесінде геймификация технологиясын қолдану арқылы студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамыту	1254
302	Албытова Н.П. Білім беру ортасының белгісіздігі жағдайында оқытушының кәсіби бірегейлігін құндылық-мағыналық реттеу	1260
303	Шолпанқұлова Г.К., Ақын А.К. Болашақ педагог-психологтердің гендерлік мәдениетін дамытудың педагогикалық шарттары	1264
304	Ахунова У.О. Музыка как инструмент формирования эмоциональной и социальной компетентности учащихся	1269

305	Нұралы С., Фейзулдаева С.А. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік тілдік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі	1272
306	Темірхан А.Е., Мухметова Р.Ж. Оқушылардың оқу мотивациясын арттырудағы smart мақсаттардың рөлі	1276
307	Кишибаева Д.Ж., Оңғарбаева Ж. Педагогтың білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы кәсіби дамуы	1279
308	Polatova A.N., Mamurbekova Z.U. Future perspectives of scientific research in the field of higher education	1284
309	Абдалинова А.Б. Воспитание патриотизма учащихся через внеурочную деятельность: педагогико-психологические основы и практические подходы	1288
310	Темирханова К.Ш. Когнитивтік әдістер – болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ғылыми-коммуникациялық дағдыларын дамытудың құралы	1292
311	Байменова Б.С., Медей М. Бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі реттеу дағдысын дамыту	1294
312	Кадырова Ж.Д. Жоғары сынып оқушыларының тұлғалық дамуындағы құндылыққа негізделген кәсіби бағдардың рөлі	1298
313	Ибрайханова А.Е. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың оқырмандық сауаттылығын қалыптастыруда отбасымен жұмыс істеуге даярлаудың әдістемелік жүйесі	1303
314	Нұрланқызы Д. Жеткіншек жастағы оқушылардың қазіргі білім беру жүйесіндегі оқу мотивациясының ерекшеліктері	1306
315	Кәрімова А.Е. Ғылымаралық коммуникация жағдайындағы жоғары мектеп педагогикасы: қазіргі жай-күйі мен даму перспективалары	1311
316	Загородская В.С., Мичирова Р.Р. Ценностный подход в педагогическом сопровождении классных руководителей как условие профилактики конфликтов среди обучающихся	1319
317	Темиргалиева А.Б. Аксиологический вектор цифровизации начального образования: развитие профессиональной компетентности педагога-эксперта	1323
318	Байзакова З.Е. Мектеп жасына дейінгі балаларда еңбек әрекеті арқылы «Адал азамат» құндылықтарын қалыптастыру	1326
319	Серік М. Мектеп жасына дейінгі балалардағы буллингке әсер ететін әлеуметтік-мәдени факторлар	1330
320	Lyu Y. A value-based approach to the professional development of the modern physical education teacher	1334
321	Abiltayeva A. An axiological approach to the development of environmental competencies of students of pedagogical fields	1339
322	Төреханова Е.С. Мұғалімнің эмоционалдық интеллекті және көшбасшылық қабілеті	1342

323	Абдуллаева Г.С., Баймұрза А.А. Музыка сабақтарында жасанды интеллектті қолдана отырып, оқушылардың эстетикалық және эмоционалдық құндылықтарын арттыру	1346
324	Айдархан М.А., Халикова Н.С. Жыраулар поэзиясын оқытуда герменевтикалық талдауға үйретудің тиімді жолдары	1349
325	Айдарханова Н.Т. Үздіксіз білім беру жағдайындағы педагог тұлғасының кәсіби дамуының өзектілігі	1353
326	Мағзумова З.Н. Жаһандық педагогикалық трендтер контекстінде болашақ мектеп директорларының көшбасшылық дағдыларын дамыту	1357
327	Муханбеткалиева М.Т. Цифрлық білім беру ортасында жасөспірімдердің құндылық бағдарын дамыту: жасанды интеллект мүмкіндіктері	1363
328	Есимова А.Б. Балалар арасында буллингтің алдын алу жолдары	1368
329	Рүстембекова А.Ғ. Әдебиеттік оқу үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының гуманистік қарым-қатынас мәдениетін дамыту	1372
330	Тажединова А.Д. Болашақ педагогтердің кәсіби лидерлік дағдыларын дамытудың педагогикалық алғышарттары	1377
331	Әскербек А.Қ., Мурзина С.А. Функционалдық сауаттылықты дамытудағы мұғалімнің кәсіби рөлі мен педагогикалық құзыреттілігі	1381
332	Бекзат А.Б., Ералин Қ.Е., Саймбетова Ж.Т. Кәсіби дизайнерлердің мәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы этнодизайн қағидаттарының рөлі	1385
333	Шалабаева Ж.С., Ережепова Б.Т., Серикханқызы А., Сұлтанқызы Р.А., Қайратқызы Д. Бастауыш сынып оқушыларына математика сабағында топтық жұмыс арқылы ынтымақтастығын қалыптастыру ерекшеліктері	1389
334	Гафиятуллина Н.Б. Формирование готовности будущих учителей начальных классов к профилактической работе с младшими школьниками	1393
335	Куандыкова Э.К., Глеубергенова К.А. Карменова Н.Н., Зиявдинова А. К. Сравнительный анализ отечественного и российского опыта практической направленности школьной географии	1397
336	Данабекова Д.А., Ақитбаева Н.К. Психолого-педагогические подходы к интеграции обучения в системе школьного образования РК	1402
337	Дауенова М., Ақитбаева Н.К. Қазіргі жағдайда жасөспірім тұлғасының дамуына элеуметтік-мәдени ортаның әсері	1407
338	Сералы Ә.Е., Ильясова Г.У. Химия пәнін оқытуда білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру	1411
339	Сағындықова А.Т., Есмаханова Г.А.	

	Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоциялық тұрақтылығын қалыптастыруда ертегі терапиясының маңызы	1416
340	Уайсова К.Т. Болашақ бастауыш білім педагогтерін театрландыру әдістері негізінде оқушыларды оқытуға даярлаудың педагогикалық шарттары	1420
341	Медеубаева К.Т., Сейтенова С.С. Инновациялық білім беру жағдайында студенттердің күзiреттiлiгi мен оқу мотивациясын дамытуға геймификацияның ықпалы	1425
342	Мурсалиева А.К. Бастауыш мектеп оқушыларының оқу мотивациясын ынталандыру және басқару	1429
343	Алимулова А.С. Дене тәрбиесінде волейболдың маңызы	1434
344	Zhamalbek A. Ethical and legal boundaries of pedagogical discourse: mechanisms for preventing aggressive speech acts as the foundation of a teacher's professional culture	1438
345	Есеналиева Н. Химия сабақтарында цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігі	1441
346	Жұмабек Ұ.Ә., Убайдулла Ж.С. Мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамыту	1446
347	Таурбекова А.С. Болашақ мұғалімдерді бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған педагогикалық технологияларды тиімді қолдануға даярлау	1450
348	Атышева Б.Б., Zhalel A. Болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық құзыреттілігін экологиялық ойлаумен ұштастыра дамыту жолдары	1455
349	Ахмаджанова Д.С. Бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды қолданудың маңызы	1459
350	Кожгельдиева С.С., Қожабаева А.А. Бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау ерекшеліктері	1465
351	Сейтова Ж.Ә. Болашақ әлеуметтік педагогтардың өзін-өзі реттеу негізінде әлеуметтік интеллектісін қалыптастыру	1472
352	Абдрасилова Г.Л., Атемова К.Т. Оқушылар прокрастинациясының алдын-алу: педагог-психолог даярлығындағы құндылықтық басымдық ретінде	1479
353	Асантаева Ұ.С. Балалардың музыкалық білімін бағалаудың тиімділігі	1484
354	Булатбаева А.Ә., Иманбекова Б.І., Болатов А.М Білім беру ұйымдарында суицидтің алдын алуды ұйымдастырудағы жүйелі тұғыр	1488
355	Әшірбай А.С. Заманауи педагогтің кәсіби дамуындағы құндылықтық тәсілдеме: жүсіп баласағұн идеялары негізінде	1493
356	Жаныбекова Л.Т., Жаныбекова Р.Т., Қайырбосынқызы Ә. Влияние изучения иностранного языка на формирование профессиональных компетенций будущего специалиста	1497
357	Боранбаева Г.Н.	

	Диалог поколений: трансформация ценностных ориентаций молодых учителей и опытных наставников	1501
358	Искакова Д.А. Жеткіншектер арасындағы буллингті алдын алудағы әлеуметтік педагогтың рөлі	1506
359	Касымбекова А. Ж., Ильясова Г.У. Химияны оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері	1510
360	Дарбаева Г.Қ. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби дамуындағы психологиялық саулықтың құндылықтық маңызы	1515
361	Утеубаева Н.А. Формирование языковой личности современного студента в многоязычной образовательной среде: ценностный и социолингвистический аспекты	1520
362	Узакбаева А.Т., Текеев И., Рахимжанова Л.Б. Методические принципы и педагогические условия адаптивного обучения на основе интерактивного веб-приложения	1524
363	Мускина А.Н. Жас педагогтің кәсіби дамуының құндылықтық бағдарлары	1529
364	Азимов К.Э. Педагогические возможности предмета «начальная допризывная подготовка» в формировании у учащихся чувства патриотизма в условиях образования, основанного на ценностях	1534
365	Мұратқызы А. Болашақ педагогтердің кәсіби дамуында құндылық бағдарларын қалыптастыру	1539
366	Байназарова А.Б. Бала тұлғасының әлеуметтік бейімделуі отбасы тәрбиесі жағдайында	1544
367	Абенев Н.Н., Махамбетова Ж.Т. Жасөспірімдердің эмоционалдық әл-ауқатын қалыптастырудағы сынып жетекшісінің рөлі	1549
368	Аметхан Ж. Зар заман поэзиясын оқытудың тиімді әдістері	1554
369	Сайманова П.С. Оқушылардың психологиялық резиленттілігін дамытуға болашақ педагог-психологтерді даярлаудың теориялық негіздері	1559
370	Кулымбаева А.К., Нуркасинова Л.М. Білім берудегі лидерліктің құндылығы және оның қалыптасу механизмдері	1564
371	Қонысбаев Қ.Б., Жандилдина Р.Е. Дене тәрбиесінде баланың жеке тұлға қабілетін дамытуда оқытудың жаңа технологияларын енгізудің тиімді жақтары	1568
372	Курбанов А.С., Ағабек Т.С. Қазақ тілі сабақтарында әдеби мәтін мен лингвистикалық талдауды кіріктіре оқытудың тиімділігі	1572
373	Курманова С.Б., Абдрахманова Р.Р., Литовченко А.Р. Культура клипового мышления: деградация или новая форма разума?	1575
374	Курманова С.Б., Нұрғожа А.Б., Еркінқызы М Критическое мышление как условие модернизации общественного сознания в Республике Казахстан	1580

375	Сулейменова А.М. Мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің цифрлық трансформация жағдайындағы кәсіби рөлі	1584
376	Чакенова Б.А. Халықаралық тәжірибе контексінде қазақ дәрігерлерінің ағартушылық бастамалары	1587
377	Кабылбекова Л.Б., Байдалиев Д.Д. Мектеп географиясында табиғи қауіптерді оқыту арқылы білім алушыларды адамгершілікке тәрбиелеу	1592
378	Адаменко А.В. Диагностика уровня сформированности экологической культуры студентов	1597
379	Джанабаяев К.Т., Жанабай А.А., Тұрысбек Ж.Ө. Әскери-патриоттық клуб жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру ерекшеліктері	1600
380	Жолдасбаева Т.Ә. Қазіргі білім беру жағдайында ер балалардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастырудың әлеуметтік-педагогикалық аспектілері	1604
381	Хачетлов К.А., Хачетлова С.М. Современные тренды в патриотическом воспитании через технологии ИИ	1607
382	Қабен Н.Ғ., Бәйдірова С.С., Ақылбекова Э.А. Бастауыш сынып оқушыларына этномәдени негіздегі патриоттық тәрбие беру	1610
383	Джабиева М.Х., Ермаков Д.С., Амантай Ж.А. Персонализированное образование: проблемы и решения (На примере учебного модуля «педагог: профессия и личность»)	1613
384	Менлибекова Г.Ж., Ниязова Г.Б. Качество образования как целевые ориентиры образовательной программы	1616
385	Асылбекова М.П., Таукелова А.Е. Цифрлық орта жағдайында студенттердің мәдени құндылықтарын дамытудың маңыздылығы	1622
386	Жумабекова Ф.Н. Цифрлық дәуірдегі заманауи педагог мамандарды даярлаудағы құндылықтарға бағдарланған тәсілдеме	1626
387	Махадиева А.К. Формирование позитивного самоотношения будущих социальных педагогов средствами активных методов обучения	1630
388	Бурдесбекова У.И. Менталды денсаулықтың көп аспектілігі мен зерттелу жолдары	1633
389	Сарипбекова А.Т. Теоретические подходы к изучению партисипативной готовности будущих педагогов	1637
390	Жандосқызы А., Кошанова М.Т. Білім беру жүйесіндегі көшбасшылық пен толеранттылық: болашақ педагог-психологтердің кәсіби даярлығындағы интеграция	1640

**БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ДАМУЫНДАҒЫ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САУЛЫҚТЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ МАҢЫЗЫ.****Дарбаева Гүлнұр Қойшанқызы**peskon@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, магистрант

Ғылыми жетекші – А.К. Махадиева, PhD., доцент м.а.

Аннотация. Бұл мақалада болашақ педагог-психологтардың кәсіби даму үдерісіндегі психологиялық саулықтың құндылықтық маңызы қарастырылады. Психологиялық саулық тұлғаның кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруына, жауапты шешім қабылдауына, психоэмоционалдық тұрақтылығына, өзін-өзі реттеуіне және стресске төзімділігіне негіз болатын жетекші құндылық ретінде талданады. Зерттеудің мақсаты – кәсіби қалыптасу кезеңінде психологиялық саулықтың аксиологиялық құндылықтық мазмұнын айқындау және оны болашақ маманның кәсіби құзыреттіліктерімен өзара байланыста сипаттау. Мақалада психологиялық саулықтың құрылымдық компоненттері эмоционалдық әл-ауқат, өзіндік сана, рефлексия, мотивациялық-мақсаттық бағдар, қарым-қатынас мәдениеті, кәсіби идентификация және олардың кәсіби күйіп кетудің алдын алу, кәсіби деформацияның төмендеуі, клиентпен тиімді өзара әрекеттесу, этикалық тұрақтылық сияқты көрсеткіштермен байланысы негізделеді. Сонымен қатар, жоғары оқу орнында кәсіби даярлау жүйесінде психологиялық саулықты дамытуға бағытталған құндылықтық бағдар қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық шарттары қолайлы білім беру ортасы, практикалық тренингтер, супервизия элементтері, өзін-өзі тану және өзін-өзі қолдау дағдылар] ұсынылады.

Түйін сөздер: психологиялық саулық, құндылық, кәсіби даму, болашақ педагог-психолог, кәсіби стресс, өзін-өзі реттеу, кәсіби күйіп кету профилактикасы, рефлексия.

Abstract. This article examines the value-based significance of psychological well-being in the professional development of future educational psychologists. Psychological well-being is interpreted as a core personal and professional value that underpins successful self-realization, responsible decision-making, emotional stability, self-regulation, and resilience to stress. The purpose of the study is to clarify the axiological [value-oriented] content of psychological well-being during the stage of professional formation and to describe its relationship with the key professional competencies of future specialists. The paper substantiates the structural components of psychological well-being—emotional well-being, self-awareness, reflective capacity, motivational and goal orientation, communication culture, and professional identity—and explains how these components relate to the prevention of professional burnout, reduction of professional deformation, effective interaction with clients, and ethical stability. In addition, the article outlines psycho-pedagogical conditions for cultivating a value-oriented attitude toward psychological well-being within higher education, including a supportive learning environment, practice-oriented trainings, elements of supervision, and the development of self-knowledge and self-support skills.

Keywords: psychological well-being, value, professional development, future educational psychologist, professional stress, self-regulation, burnout prevention, reflection.

Қазіргі білім беру кеңістігінде педагог-психолог мамандығының әлеуметтік және кәсіби маңызы айтарлықтай артып отыр. Бұл үрдіс білім беру жүйесінде тұлғалық-бағдарлы, инклюзивті және психологиялық қолдауға негізделген тәсілдердің кеңінен енгізілуімен байланысты. Педагог-психолог мамандығы «адам–адам» жүйесіне жататын кәсіби қызмет түрі ретінде жоғары деңгейдегі эмоциялық жүктемемен, жауапкершілікпен және тұрақты тұлғааралық өзара әрекеттесумен сипатталады. Психология және педагогика саласындағы зерттеулерде «адам–адам» жүйесіндегі мамандықтарда кәсіби тиімділік пен тұлғалық тұрақтылықтың негізгі шарты ретінде психологиялық саулықтың рөлі ерекше атап көрсетіледі. Мәселен, Б.Д. Карвасарский психологиялық саулықты тұлғаның кәсіби қызмет барысында эмоциялық тепе-теңдігін сақтай алу қабілетімен тікелей байланыстырады және оны маманның кәсіби жарамдылығының маңызды көрсеткіші ретінде қарастырады [1, 41 б]. Осы тұрғыдан алғанда болашақ педагог-психологтардың кәсіби даярлығында психологиялық саулықты сақтау мен дамыту кәсіби құзыреттіліктің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Қазақстандық зерттеушілер де бұл мәселенің өзектілігін атап өтеді. Психологиялық саулық маманның кәсіби тиімділігін, эмоционалдық тұрақтылығын, стресске төзімділігін және кәсіби ұзақ өміршендігін қамтамасыз ететін негізгі ішкі ресурс болып табылады. Бұл көзқарас халықаралық ғылыми әдебиеттерде де кеңінен қолдау табады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы психикалық саулықты адамның өмірдің қалыпты стресімен күресе алуына, өз қабілеттерін жүзеге асыруына және нәтижелі еңбек етуіне мүмкіндік беретін әл-ауқат күйі ретінде сипаттайды [2, 2 б.].

Кәсіби стресс пен эмоциялық жүктеменің ұзақ уақыт бойы сақталуы педагог-психологтардың кәсіби күйіп кетуіне әкелуі мүмкін. Бұл феноменді зерттеген Маслач кәсіби күйіп кетуді эмоциялық қажу, цинизм және кәсіби тиімділіктің төмендеуімен сипатталатын синдром ретінде анықтайды [3, 36 б.]. Зерттеушінің пікірінше, кәсіби күйіп кетудің алдын алудың негізгі шарты – маманның психологиялық саулығын жүйелі түрде қолдау және оны кәсіби құндылық деңгейіне көтеру. Осыған байланысты психологиялық саулықты құндылықтық тұрғыдан қарастыру болашақ педагог-психологтарды кәсіби күйіп кетудің алдын алуға, стресске төзімділікті арттыруға және кәсіби дамудың тұрақты траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл мәселе қазіргі жоғары білім беру жүйесінде болашақ педагог-психологтарды даярлаудың теориялық және практикалық негіздерін қайта қарастыруды талап етеді.

Қазіргі психология ғылымында психологиялық саулық тұлғаның ішкі үйлесімділігімен, эмоционалдық тұрақтылығымен, өмірлік қиындықтарға бейімделу қабілетімен және өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігімен байланысты кешенді феномен ретінде қарастырылады. Ғылыми әдебиеттерде бұл ұғым тек психикалық бұзылыстардың немесе патологиялық белгілердің болмауы ретінде емес, тұлғаның эмоционалдық, когнитивтік және тұлғалық тепе-теңдігін қамтамасыз ететін оң психологиялық күй ретінде сипатталады. Психологиялық саулықтың мазмұнын ашуда гуманистік және экзистенциалдық психология өкілдерінің еңбектері маңызды орын алады. Мәселен, Карл Роджерс психологиялық саулықты тұлғаның өзін-өзі қабылдауы, ішкі тәжірибесінің тұтастығы және өзін-өзі жүзеге асыруға бағытталған даму үдерісі ретінде түсіндіреді. Автор психологиялық саулықты тұлғаның өмірлік тәжірибесіне ашық болуы мен ішкі ресурстарын тиімді пайдалана алу қабілетімен байланыстырады [4, 118 б.]. Сонымен қатар, А. Маслоу психологиялық саулықты өзін-өзі актуализациялау деңгейімен байланыстыра отырып, оны тұлғаның әлеуетін толық іске асыруының көрсеткіші ретінде қарастырады. Маслоудың пікірінше, психологиялық саулық – адамның негізгі қажеттіліктері қанағаттандырылып, мағыналы кәсіби және өмірлік мақсаттарға ұмтылуының нәтижесі [5, 153 б.].

Психологиялық саулық кәсіби қызметтің тиімділігімен тікелей байланысты, себебі ол маманның өзін-өзі реттеу қабілетін, кәсіби рефлексиясын және тұлғааралық қарым-қатынастардағы икемділігін анықтайды. Бұл көзқарас кәсіби психология саласындағы зерттеулерде де кеңінен дәлелденген. А.А. Реан психологиялық саулықты маманның кәсіби сенімділігі мен кәсіби тұрақтылығының негізі ретінде қарастырып, оның кәсіби шешім қабылдау сапасына тікелей әсер ететінін атап көрсетеді [6, 67 б.]. Әсіресе педагог-психолог қызметінде психологиялық саулықтың кәсіби мәні ерекше. Педагог-психологтың кәсіби қызметі үнемі басқа адамдардың эмоционалдық жағдайымен, тұлғалық мәселелерімен және ішкі күйзелістерімен жұмыс істеуді талап етеді. Осыған байланысты маманның психологиялық саулығы оның кәсіби әрекетінің сапасын, эмпатиялық қатынас орнату қабілетін және психологиялық көмектің нәтижелілігін айқындайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Қазақстандық ғылыми зерттеулерде психологиялық саулық мәселесі болашақ мамандардың кәсіби дамуы мен тұлғалық тұрақтылығының маңызды шарты ретінде қарастырылады. Мәселен, қазақстандық ғалымдар педагогтардың психологиялық саулығы олардың кәсіби тиімділігімен, эмоциялық тұрақтылығымен және стресс жағдайларына төзімділігімен тығыз байланысты екенін атап өтеді. Атап айтқанда, Л.Н. Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылыми журналында жарияланған зерттеуде педагогтардың стрессоустойчивостығы кәсіби қызмет барысында өзін-өзі реттеу қабілеті мен тұлғалық тұрақтылықтың негізгі көрсеткіші ретінде сипатталады. Авторлар психологиялық саулығы жоғары мамандардың кәсіби қиындықтарға бейімделу деңгейі жоғары болып, эмоциялық жүктемені тиімді басқара алатынын көрсетеді [7, 513–515 б.].

Психологиялық саулықтың кәсіби мәнін ашуда стресс пен бейімделу теориялары да маңызды рөл атқарады. Ганс Селье стресс теориясы аясында психологиялық саулықты ағзаның сыртқы және ішкі талаптарға бейімделу мүмкіндігімен байланыстырады. Оның пікірінше, ұзақ уақыт сақталған стресс психологиялық саулықтың әлсіреуіне, ал бұл өз кезегінде кәсіби тиімділіктің төмендеуіне әкеледі [8, 42 б.]. Осылайша, психологиялық саулық педагог-психологтың кәсіби қызметінде эмоционалдық тұрақтылықты, кәсіби рефлексияны, стресске төзімділікті және тұлғааралық өзара әрекеттесудің тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі кәсіби ресурс ретінде қарастырылады. Болашақ педагог-психологтарды даярлау барысында психологиялық саулықты қалыптастыру кәсіби білім мен дағдыларды меңгерумен қатар жүруі тиіс, себебі ол маманның кәсіби дамуының ұзақ мерзімді және тұрақты болуын қамтамасыз етеді.

Қазақстандық психология және педагогика ғылымында кәсіби стресс білім беру саласында жиі кездесетін әрі өзекті психологиялық мәселе ретінде қарастырылады. Зерттеулерде кәсіби стрестің педагогикалық және психологиялық қызметтің мазмұнымен, жұмыс жағдайларымен және маманға қойылатын жоғары талаптармен тікелей байланысты екендігі көрсетіледі. Әсіресе педагог-психологтардың кәсіби қызметі жоғары эмоциялық жүктемемен, жауапкершіліктің көптігімен және тұрақты тұлғааралық өзара әрекеттесумен сипатталатындықтан, олар кәсіби стресс факторларына аса сезімтал топқа жатады. Қазақстандық зерттеушілер кәсіби стрестің негізгі себептеріне жоғары жұмыс жүктемесін, эмоциялық шаршауды, рөлдік қақтығыстарды, кәсіби жауапкершіліктің артуын және психологиялық қолдаудың жеткіліксіздігін жатқызады. Бұл факторлар ұзақ уақыт бойы әсер еткен жағдайда психологиялық саулықтың әлсіреуіне, кәсіби қанағаттың төмендеуіне және кәсіби күйіп кету қаупінің артуына әкеледі. Кәсіби стресс мәселесін зерттеген Г.Е. Намазбаева кәсіби қызметтегі стресті тұлғаның психологиялық ресурстары мен кәсіби талаптардың арасындағы сәйкессіздік нәтижесі ретінде қарастырады. Автор кәсіби стрестің алдын алуда психологиялық тұрақтылықты, өзін-өзі реттеу дағдыларын және эмоциялық тепе-теңдікті сақтаудың маңыздылығын атап көрсетеді [9, 22 б.]. Сонымен қатар, қазақстандық эмпирикалық зерттеулер педагогтардың стресске төзімділігі олардың кәсіби тиімділігімен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Шакимова Д.Д., Аубакирова Ж.К. және Жұмыкбаева А.К. жүргізген зерттеуде мұғалімдердің стрессоустойчивостығы мен кәсіби тұлғалық сипаттамалары арасындағы байланыс талданған. Авторлар стрессоустойчивостың жоғары деңгейі педагогтардың өзін-өзі реттеу қабілетін күшейтіп, кәсіби қызмет барысында туындайтын стресс факторларына тиімді қарсы тұруға мүмкіндік беретінін атап өтеді [10, 513–515 б.]. Зерттеу нәтижелері психологиялық қолдау мен кәсіби органы оңтайландыру педагогтардың кәсіби тұрақтылығын арттырып, эмоциялық сарқылудың алдын алуда маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді. Осы тұрғыдан алғанда, кәсіби стрестің алдын алу жеке тұлғалық ресурстарды дамыту ғана емес, сонымен қатар білім беру ұйымдарында психологиялық қолдаудың жүйелі түрде ұйымдастырылуын талап ететін кешенді үдеріс ретінде қарастырылады. Қазақстандық авторлардың бірқатар зерттеулерінде кәсіби стрестің алдын алу мәселесі психологиялық саулықты сақтау және дамыту контекстінде қарастырылады. Мысалы, Қазақстанда білім беру саласында педагогтардың психологиялық әл-ауқатын нығайту және кәсіби күйзелістің алдын алу мақсатында психологиялық қолдаудың жүйелі енгізілуі туралы пилоттық жобалар іске асырылуда. Бұл жобалар мұғалімдердің психологиялық саулығын сақтау мен олардың стрессті басқару қабілетін арттыруға бағытталған кешенді шараларды қамтиды, соның ішінде психологтардың консультациялары мен психологиялық тренингтер [Kazakhstan launches country's first-ever psychological support program for teachers]. Осы сияқты қолдау механизмдері педагогтардың кәсіби қызметіндегі эмоционалды жүктемені төмендетіп, психологиялық тұрақтылықты дамытуға ықпал етеді, бұл өз кезегінде стресстің алдын алу және кәсіби тиімділікті арттыру үшін маңызды фактор болып табылады. Зерттеулер көрсеткендей, стресс-профилактика тек стресті азайтуға бағытталған жекелеген шаралармен шектелмейді. Ол болашақ маманның кәсіби өмірінде психологиялық саулықты саналы түрде құндылық ретінде қабылдауын, өзін-

өзі бақылау мен өзін-өзі сақтау стратегияларын меңгеруін және қажет жағдайда кәсіби психологиялық көмекке жүгіну дағдыларын қалыптастыруды қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда қазақстандық ғылыми еңбектерде кәсіби стрестің алдын алу болашақ педагог-психологтардың кәсіби даярлығының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Психологиялық саулыққа бағытталған профилактикалық жұмыстар мамандардың кәсіби тұрақтылығын арттырып, кәсіби күйіп кетудің алдын алуға және кәсіби дамудың тұрақты траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Стресс мәселесін ғылыми тұрғыда негіздеуде Ганс Селье ұсынған классикалық тұжырымдама ерекше орын алады. Ғалым стресті ағзаның кез келген ішкі немесе сыртқы талапқа беретін бейспецификалық жауабы ретінде анықтай отырып, оны бейімделу үдерісінің эмбебап механизмі ретінде қарастырған. Сельенің пікірінше, стресс қысқа мерзімде мобилизациялық функция атқарғанымен, оның ұзақ уақыт сақталуы психофизиологиялық ресурстардың сарқылуына әкеледі [11, 1 б.]. Бұл тұжырымдама педагог-психологтың кәсіби қызметіне толық сәйкес келеді, себебі маман кәсіби міндеттерді орындау барысында тұрақты психоэмоционалдық жүктемеге, жоғары жауапкершілікке және үздіксіз тұлғааралық өзара әрекеттесуге ұшырайды. Ұзақ уақыт бойы сақталған стресс шаршауға, тітіркенгіштікке, ұйқының бұзылуына, эмоциялық тұрақсыздыққа және кәсіби мотивацияның төмендеуіне әкелуі мүмкін. Стресс мәселесін тұлғалық-когнитивтік тұрғыдан түсіндіруде Ричард Лазарус пен Сьюзан Фолкман еңбектері маңызды орын алады. Авторлар стресті тұлғаның ресурстары мен сыртқы талаптардың арасындағы сәйкессіздік ретінде сипаттап, оның субъективті бағалау мен coping-стратегияларға тәуелді екенін көрсетеді [Lazarus, Folkman, 1984, 21-бет]. Бұл көзқарас педагог-психологтардың кәсіби қызметінде стресске жеке жауап беру ерекшеліктерін түсіндіруге мүмкіндік береді. Кәсіби стресс ұзақ уақыт бойы тиімді басқарылмаған жағдайда кәсіби күйіп кету синдромының дамуына әкелуі мүмкін. Кәсіби күйіп кету феноменін зерттеуде Маслач пен Сьюзан Джексон еңбектері кеңінен танымал. Олар күйіп кетуді адамдармен тікелей жұмыс істейтін мамандарға тән эмоциялық қажу, деперсонализация [цинизм] және кәсіби тиімділіктің төмендеуімен сипатталатын синдром ретінде анықтайды [13, 99 б.]. Маслачтың пікірінше, кәсіби күйіп кету маманның кәсіби қызметіне ғана емес, оның тұлғалық саулығына да теріс әсер етеді. Педагог-психолог үшін бұл құбылыс психологиялық көмектің сапасының төмендеуіне, эмпатия деңгейінің азаюына, клиентпен немесе білім алушымен қарым-қатынастың формалдануына және кәсіби қанағаттың жоғалуына әкелуі мүмкін. Кәсіби күйіп кетудің алдын алу мәселесін зерттеген шетелдік авторлар психологиялық саулықты сақтау мен дамытуға ерекше назар аударады. Маслач кәсіби күйіп кетудің алдын алудың негізгі шарты ретінде кәсіби ресурстарды қолдау, эмоциялық өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту және кәсіби қызметке мағыналық қатынасты қалыптастыру қажеттігін атап көрсетеді [14, 41 б.].

Осыған байланысты болашақ педагог-психологтарды даярлау барысында психологиялық саулықты сақтау мен дамыту кәсіби дамудың стратегиялық бағыты ретінде қарастырылуы тиіс. Психологиялық саулыққа бағытталған дайындық мамандардың стресске төзімділігін арттырып, кәсіби күйіп кетудің алдын алуға және кәсіби қызметтің ұзақ мерзімді тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби дамуында психологиялық саулықтың құндылықтық маңызы ерекше. Психологиялық саулық маманның кәсіби тиімділігін, эмоционалдық тұрақтылығын, стресске төзімділігін және кәсіби ұзақ өміршеңдігін қамтамасыз ететін негізгі ішкі ресурс ретінде қарастырылады. Жүргізілген теориялық талдау психологиялық саулықтың педагог-психолог қызметінде кәсіби шешім қабылдау сапасына, эмпатиялық өзара әрекеттесуге және көрсетілетін психологиялық көмектің нәтижелілігіне тікелей әсер ететінін көрсетеді.

Қазақстандық және шетелдік ғылыми зерттеулер психологиялық саулықты кәсіби даярлықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру қажеттігін дәлелдейді. Мәселен, қазақстандық зерттеуші Г.Е. Намазбаева психологиялық саулықты болашақ маманның кәсіби тұрақтылығы мен психологиялық қорғанышының негізі ретінде анықтай отырып, оны кәсіби стресс пен күйіп кетудің алдын алудың басты шарты деп көрсетеді [8, 25 б.]. Шетелдік

ғылыми бағыттарда да бұл мәселенің маңыздылығы айқындалған. Маслач кәсіби күйіп кетудің алдын алу жүйесінде психологиялық саулықты сақтау мен дамыту жетекші орын алатынын атап өтіп, эмоциялық өзін-өзі реттеу мен кәсіби ресурстарды қолдаудың маңызын көрсетеді [14, 43 б.]. Ал Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы психологиялық саулықты адамның кәсіби және әлеуметтік тиімді қызмет етуінің негізгі шарты ретінде қарастырады [2, 2 б].

Жоғары оқу орындарында болашақ педагог-психологтарды даярлау үдерісінде психологиялық саулықты қалыптастыруға бағытталған профилактикалық, дамытушы және қолдаушы бағдарламаларды енгізу өзекті болып табылады. Мұндай бағдарламалар болашақ мамандардың өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға, стреске төзімділігін арттыруға, кәсіби рефлексия мен өзін-өзі сақтау стратегияларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, психологиялық саулықты құндылық ретінде қалыптастыру болашақ педагог-психологтардың кәсіби дамуының тұрақты траекториясын қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың кәсіби қызметінің сапасын арттыруға, кәсіби күйіп кетудің алдын алуға және кәсіби ұзақ өміршеңдігін сақтауға жағдай жасайды. Бұл мәселе болашақ педагог-психологтарды даярлау жүйесін жетілдірудің маңызды ғылыми-әдістемелік бағыты болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздер

1. Карвасарский Б.Д. Психотерапия. – Л.: Медицина, 1985. – 41-бет.
2. World Health Organization. Mental health: strengthening our response. – WHO, 2018. – 2-бет.
3. Maslach C. Burnout: The Cost of Caring. – Cambridge, MA: Malor Books, 2003. – 36-бет.
4. Rogers C. On Becoming a Person. – Boston: Houghton Mifflin, 1961. – 118-бет.
5. Maslow A. Motivation and Personality. – New York: Harper & Row, 1970. – 153-бет.
6. Реан А.А. Психология личности. – СПб.: Питер, 2012. – 67-бет.
7. Shakimova D.D., Aubakirova Zh.K., Zhumykbayeva A.K. *Assessment of stress resilience and occupational personality characteristics of teachers*. Л.Н. Гумилёв атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Педагогика. Психология. 2024. — Б. 513–515. Селье Г. Stress in Health and Disease. – New York: Butterworths, 1976. – 42-бет.
8. Намазбаева Г.Е. Синдром эмоционального выгорания в профессиональной деятельности психолога. – Алматы: Павлодарский государственный педагогический институт. – 104-бет.
9. Shakimova D.D., Aubakirova Zh.K., Zhumykbayeva A.K. *Assessment of stress resilience and occupational personality characteristics of teachers*. Л.Н. Гумилёв атындағы ЕҰУ Хабаршысы, 2024. – Б. 513–515.
10. *Kazakhstan launches country's first-ever psychological support program for teachers*.
Электронды ресурс: <https://www.edu-live.com/posts/kazakhstan-launches-countrys-first-ever-psychological-support-program-for-teachers> 1.3-бөлім бойынша қолданылған әдебиеттер
11. Selye H. Stress in Health and Disease. – New York: Butterworths, 1976. – 1-бет.
12. Lazarus R.S., Folkman S. Stress, Appraisal, and Coping. – New York: Springer, 1984. – 21-бет.
13. Maslach C., Jackson S.E. The measurement of experienced burnout. – Journal of Occupational Behaviour, 1981. – 99-бет.
14. Maslach C. Burnout: The Cost of Caring. – Cambridge, MA: Malor Books, 2001. – 41-бет.